

**Павлодар облысы әкімдігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді жалға (жалдауға) беру Ережесін бекіту туралы" N 201/9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 178/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 26 мамырда N 3028 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 313/9 қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 313/9 қаулысымен.*

Облыс әкімінің 2004 жылғы 5 қарашадағы "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары жүйесін жетілдіру туралы" N 26 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 3 ақпандағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру Ережесін бекіту туралы" N 201/9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 44/2 қаулысымен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар ( облыс әділет департаментінде 2004 жылғы 28 ақпанда N 2317 болып тіркелді, " Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 30 наурыздағы 36-нөмірінде жарияланды) Павлодар облысы әкімдігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі " Коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру Ережелерін бекіту туралы" N 201/9 қаулысына (облыс әділет департаментінде 2002 жылғы 16 қазанда N 1493 болып тіркелді, "Звезда Прииртышья" газетінің 2002 жылғы 19 қазандағы 120-нөмірінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбындағы "беру Ережесі" деген сөздер "беру жөніндегі Нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 1-тармағындағы "қоса беріліп отырған Ереже" деген сөздер "қоса беріліп отырған Нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - Ережелер)" деген сөздер "(бұдан әрі - Нұсқаулық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 1-1-тармағындағы "облыс коммуналдық меншік департаментінің шешімімен" деген сөздер "облыс қаржы департаментінің шешімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жазбаша ұсынуынан кейін мемлекеттік мекемелердің уәкілетті органдарының келісімі бойынша" деген сөздер "мемлекеттік мекемелердің уәкілетті органдарымен келісілгеннен немесе жазбаша ұсынымнан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыс коммуналдық меншік департаменті шешімінің негізінде" деген сөздер "облыс қаржы департаменті шешімінің негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру Ережесінде:

көрсетілген ереженің тақырыбындағы "беру Ережесі" деген сөздер "беру жөніндегі Нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ереженің 1-тармағындағы "Осы Ереже" әзірленді" деген сөздер "Осы Нұсқаулық" әзірленді" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ереженің 4-тармағындағы "коммуналдық меншік департаменті" деген сөздер "облыс қаржы департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және баланс ұстаушысының келісім бойынша" деген сөздер "немесе баланс ұстаушысының ұсынысы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кейбір жағдайларда облыс қаржы департаментінің алқа шешімі негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар Жалға беруші бола алады.";

көрсетілген ереженің 22-тармағындағы 7)-тармақша алынып тасталсын;

көрсетілген ереженің 28-тармағындағы 1)-тармақшада "бір күн бұрын" деген сөздер "үш күн бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ереженің 49-1-тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген ереженің 50-тармағы "ведомстволық қорғауға" деген сөздерден кейін "немесе баланс ұстаушыға" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген ереженің 52-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"52. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) облыс қаржы департаменті берген жағдайда жалдау төлемі жергілікті бюджетке немесе жалға беруші шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын болғанда кәсіпорын кірісіне аударылады.";

көрсетілген ереженің 56-тармағындағы "Осы Ережемен" деген сөздер "Осы Нұсқаулықпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*